



УДК 37.035.6

Бекбосунов А.К.

**ЖАУЫНГЕРЛІК ДӘСТҮРЛЕР  
АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ  
БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ  
ДАЙЫНДЫҚ  
МҰҒАЛІМДЕРІН  
ЕЛЖАНДЫЛЫҚҚА БАУЛУ**

*В данной статье  
рассматриваются вопросы обучения  
будущих преподавателей начальной  
военной подготовки в духе  
патриотизма, почитания военных  
традиций.*

*The article states it is discussed the  
fact the military tradition forces to bring  
up the future instructors of military  
primary training, via promotion of the  
military tradition of our Kazakh people  
and its praising, for the purpose of an  
increase in their patriotic feelings.*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтын "Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде" атты еңбегінде біздін тағы бір аса маңызды идеологиялық міндеттіміз - Қазақстандық Отансүйгіштікке тәрбиелу, әрбір азаматтын өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру.

Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда өзінін теуелсіздігін жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасының Президенттінін "Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерін құру туралы "Жарлығы жарияланды. "Біз - егеменді мемлекеттің және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері ішкі және сыртқы саясаттың жалпы құрылымының өзегі болуга тиіс. Сондықтан бізге қазіргі заманғы қару-жаракпен жарактанған жоға-ры даярлықтан өткен, жақсы үйретілген, біздін егемендік мұддемізді қорғау үшін кез-келген жағдайда іс-кимыл жасауға даяр тұратын армия қажет. Ал, мұндай армияны әскери құрылымының тарихи тәжірбесіне және қазіргі заманғы көзқарастарға сүйенген ғылыми негізде ғана құруға болады", - деп атап көрсетілді [1].

Қазақтың ұлан байтақ даласын біздін ата - бабаларымыз сан ғасыр "Найзаның ұшымен, білектің қүшімен" "қанаттыға қақтырмай, тұмсық-тыға шоқтырмай" аман сактап келді. Олардың құрып кету қаупі төніп тұрған кезде бір жағадан бас, бір женнен қол шығарып жауға қарсы тұру нағыз шынайы Отансүйгіштік қасиет еді.

Қазақстан халқы үшін Отансүйгіштік сезім-нің рухани саладағы тату-тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес, мемлекеттік материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар. Отан-сүйгіштік рух қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосыльп, дүние жүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір құш.

Қазақ тарихын тұнғыш зерттеуші ғалым Ш.Уәлиханов Отансүйгіштік сезімнің қалыптасуы туралы "Менін патриоттық сезімім ірбіт сандығындау /"матрешка" сияқты бір сандықтың ішінде бір сандық, оның ішінде тағы бір сандық/ мен ен алдымен өз отбасымды, тұган-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл-аймақ, ел жұртымды, руластарымды, одан соң халқымды, одан соң Сібір орыстары, Ресей жұртын қадірлеймін", - деген екен.

Б.Момышұлы, Отанға /мемлекетке/ деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық - мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстырылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз жеке адамды қүшайту екенін мойындау, қысқасын айытқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды, жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүтінгі құнімен және болашағымен карым-қатынасты білдіреді".



Б.Момышұлы мемлекет байлығын жеке адам байлығының нәтижесінде құралатынына тоқтала келе, өткенгі, бүгінгі және болашақтағы тарихты өз ара байланысы, қарым-қатынасы арқылы патриоттық сезімді қалыптастыруға болады деп атап көрсетеді [2].

Тарихта қазақ деп аталатын жұрттың ежелгі сактар, үйсіндер мен ғұндардың жауажүрек ұрпактары екенін тарихшы ғалымдар Л.Н. Гумилев, М.И.Артамонов, С.Асфендияров, М.Шоқай, М.Қозыбаев, М.Ақынжанов, М.Мұқанов, К.Байпаков, А.Мынжанұлы т.б. өз енбектерінде дәлелдеген болатын. М.Қ.Қозыбаевтың "Жауды шаптым ту байлап" атты еңбегінде қазақ халқының басынан өткен ұлт-азаттық қозғалысын, онын кезеңдерін, Отан қорғау тарихын, халқымыздың ел бастаған көсемдерін, қол бастаған батырларының ерен ерліктерін сөз етеді.

Ә.Марғұланың, К.Ақышевтің археологиялық енбектерінде де жан-жақты қамтылған. Дүниені дүр сілкіндірген аң терілдерінің, кару-жақақтарының, тастағы жазу-танбалардың классикалық нұсқалары, әсіресе Есіктен табылған "Алтын адам" қанқасы көне тарихтың көзін ашқандай болғаны көпке аян. Міне, мұның бәрі ежелгі түрік тайпаларының жауынгер, малшығана емес, он саусағынан өнер тамған іскер ұста, зергер, мұсінші екенін де айғақтады. Осыдан келіп "сегіз қырлы бір сырлы" азамат тәрбиелуе ежелгі ел дәстүрі болып саналғанын көреміз.

Атам қазақ Отансүйгіштік қасиетті ата-ана, ауыл-аймақтың, елінің намысын қорғауды өз ұрпактарына бірінші парыз ретінде ұқтырып өсірді. "Елінді сүйсен ерлік істейсін", "Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі", "Тұған жерге ту тігу елім деген азаматтың борышы" дегенді өздерінің ұлт-қызының санасына үнемі сініріп отырады. "Ер намысы-ел намысы", "Ер намыстын кұлы", "Арын үшін алысу азаматтық", "Ел үмітін ер актар, ер атағын ел сактар" деген елжандылық ұрандар халқымыздың мәнгілік тәрбие қағидасына айналды. Ерлік дегеніміз ұлттық тәрбие тағылымының, салт-дәстүрдің, тұрмыс тіршіліктің негізгі тұтқасы болып саналады. Баланы тұа салысымен ерлік рухта тәрбиелуе, енбекке, елін, жерін, ана тілін сүюге баулу бесік жырынан бастап бүкіл ауыз әдебиетінін өнегелі есietі болып өзекті орын алады. Енбек пән ерлікті, ел мен жерді пір тұтқан бабаларымыз ғасырлар бойы ерліктің ерен үлгісін көрсетіп бақты. Оған айқын мысал, Құлтегін, Тонокөктердің ерлік дәстүрінен бастап, XVIII ғасырдағы Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай т.б батырлардың тәрбиесіне назар аударсақ айқын байқаймыз. Мысалы, З.Сәнік, Б.Садықаның "Каракерей Қабанбай" атты еңбегінде Ерасылдың балалық шағынан бастап батырдың жеке ұлғасын қалыптастырудың жүргізілген ата-ананың, ағайын-тұмалардың, әлеуметтік; ортанның ігі ықпал еткенін көреміз.

Халқымыздың ерлік және жауынгерлік дәстүрлеріне тоқтала келе, "Ер дегенде ен алдымен бізге Отан қорғаған сэтте жау шебін бұзып, камал алған қайрат-жігер иесінін бейнесі оралады", - деп атап көрсетеді. Яғни, ер-ар-намыс, азаматтық қасиетін үнемі жоғары ұстап, қажетті жерде қауіп-қатерге өз басын тігіп батыл іс-эрекетке бара алатын адам. Ердің іс-эрекеті бейбіт кездे де, соғыс кезінде де таныла береді. Ерлік-жаугершілік уақытта да, күнделікті өмірде де ел, жер мүддесі үшін қауіп қатерлі істерге, әрекше қимылдарға бару іс-эрекеті [2].

Қазақтың жауынгерлік дәстүрі - тұтас қазақ қолының жауынгерлік сипаттағы әзірлігін үзбей ұстаяу. Қазақтың жауынгерлік дәстүрін қазақ халқының көшпелі тіршілігіне, қоғамдық құрылым ерекшелігіне байланысты қарастырамыз. Бұл жерде қазақ халқы ұлт болып қалыптастыру дәуірінен бастап күні кешеге дейін жаугершілік жағдайда өмір сүріп өз елін, жерін, тәуелсіздігін үнемі қорғап отыруға тұра келді. Сол себепті қоғамның қолына қару ұстаяуға жарайтын азаматы кез-келген уақытта қазақ әскеріне алынған.

Ерлікке тәрбиелуе бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрі негізінде студенттердің ерік-жігерін, табандылық, батылдық қасиетерімен бірге ұлттық сана, парыз, намысты қалыптастыра отырып, Отансүйгіштікке тәрбиелуе. Көне түркілер, көшпендеріләр тарихына, халқымыздың ерлік және жауынгерлік дәстүрлеріне шолу жасағанда ерлік қасиеті әрбір жауынгерге тән болғанын көреміз. Әрбір жауынгерден батылдық, табандылық қасиеттерді талап еткен. Әскери тәрбие жұмысында жауынгерлерді, офицерлерді жоғары саяси саналылық, өз Отанына шексіз берілгендей рухында баулу, жүктелген міндетті тыңғыштықты орындауға, адалдыққа, қырағылыққа, соғыс қимылдарына әзір тұруға, батыл да табанды, әскери қызметтің ауыртпалығына төзімді болуға даярлау, өз-ара жолдастық қомек көрсетуге тәрбиеуде жүзеге асырылады" [3].

Қазақ ұлттық жауынгерлік дәстүр негізінде жас ұрпакты ерлікке баулу мәселесі ғылыми-зерттеу жұмысының барысында жауынгерлік және ерлік тәрбиесін бүгінгі әскери тәрбиемен салыстыра, байланыстыра жүргізуі мақсат етіп қойылды.

Талай ғасырды басынан өткөріп, бізге жеткен батырлар жыры бүгінгі ұрпактың еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін қалыптастырудың басты орын алады. Батырлар жырының мазмұны тұған елін, жерін жаудан қорғаумен қатар ананың балаға деген махаббаты, сүйіспеншілігі, адамгершілік қасиеттеріне



негізделген. Ата-бабаларымыз батырлардың қайсар қаһармандылығын, ерлігін суреттей отырып, ұрпақ тәрбиесіне өшпес мұра калдырып отырды.

Қазақ халық мұрасына, салт-дәстүріне, ұлттық ерлік және жауынгерлік тәрбиесіне мән бере отырып, оқулық жазған ІІ.Алтынсарин болды. Өзінің "Қазақ хрестоматиясы" атты оқулығында "Қобыланды батыр" жырынан "Қобыланды және Тайбурыл" деген атпен үзінді енгізген. Қазақ халқы тек батырларын ғана құрметтеп қоймаған, сонымен қатар батырлардың серігі астына мінген аттарының қасиеттерін жақсы суреттеген.

Қазақтың біртума ақыны Абай жауынгерлік және ерлік тәрбиесіне арнап еңбек жазбағанмен де, өзінің поэмаларында, қара сездерінде отансұйгіштікі қалыптастыратын ұлттық сана, намыс, парызы секілді қасиеттерді жан-жақты қамтыды. Абайдың отыз тоғызыншы қара сезінде "Енді жұрт атабабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастанап келеміз, әлгі екі мінезін өрмелеп ілгері бара жатқанына қарай, бізде ел қатарына қарай кірер едік", -дег жазады. Абай атаған қара сезінде арлытық, намыстық, табандылық тәрбиенің жемісі дейді. Адамның ен ұлы сезімін азаматтық парызын орындау үшін жоғарыда аты аталған мінезді игеру керек екенін Абай атап көрсетеді. Абай шығармаларынан қазақ халқының өзіндік ішкі құрылымын және өзіндік қасиет бітімін көреміз. Абай өмір сүрген заман - Қазақстанда патшалық отарлау саясатының кезеңі еді. Абай шығармаларын зерделеп қарайтын болсақ жастарды ерлік рухта, Отансұйшілікке баулып, ар-намысын, ождан, адамгершілік қасиет үшін күресуге, оны бірте-бірте жастар бойына сінірудегі халықтық педагогиканың негізгі қағидаларымен кездесеміз. Абай шығармаларының негізгі түйіні адам бойындағы негізгі қасиеттер: ерік-жігер, қайрат, ақыл, жүректіліктің бір-біріне қатынасы, байланысы арқылы "тольык адамды" қалыптастыру.

Қазақ халқының мұнын жоқтаған, халық үшін жаңын берген А.Байтурсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин т.б. асыл азаматтар өз шығармаларына Қорқыт, Абылай, Қабанбай, Бөгөнбай, Наурызбай, Жәнібек, Еспөнбет/Адак/, Баян, Кенесары, Сыздық сынды әділ хандар мен хас батырларды, күміс көмей ақындар мен төкпе күйшілерді арқау етуі де Отансұйгіштік сезімнен туындаған.

"Ерлік-тәрбиенің жемісі" деп қараған ері батыр, ері ғалым М.Ғабдуллин Ұлы Отан соғысы кезінде ерлік тәрбиеден туындауды деп қарап, тар окопта, қар тесеніп, мұз жастанып жатқан қазақ жауынгерлеріне Едіге, Ер Қосай, Ер Сайын, Қобыланды, Ер Тарғын жырларын жатқа айттып беріп, оларды ерлікке рухтандыруы да отансұйгіштік сезімнің айқын көрінісі еді. Ұлы Отан соғысында аты анызға айналған Т.Тохтаров, Е.Бұлқышев, Р.Қошқарбаев, Қ.Қайсенов, Б.Момышұлы т.б. және батыр қыздар Мәншүк пән Әлияның кескілескен жаумен айқастағы ерен ерліктері де ұлттық дәстүрдің, ерлік тәрбиесінің жемісі.

Міне, бүгінде тәуелсіздік алған кезеңнен бергі уақыт ішінде, шукіршілік, көп ұлттар арасында дүрдіараздық сыват берген емес. Мұнын өзі ер көніл, ак жарқын, сабырлы, бауырмал қазақ халқының мінезіндегі адами қасиеттер көрінісі.

Қазақ халқының жауынгерлік, елді-жерді корғау қасиеті оянған, бірақ бұл тек бейбітшілік ұстанымен нығайып отырған ояну. Осының өзі ел азаматтары бойында патриоттық сезімді қалыптастырады. Ол сезім қоғамның дамуы барысында жаңа ой-санамен толығып, байып, халықтың жауынгерлік дәстүрлерін одан ері дамыту ұстанымы еліміздің бейбітшілік сүйгіш даңқын өрлете бермек.

Жауынгерлік дәстүр негізінде болашақ бастапқы әскери дайындық мұғалімдерінің елжандылық қасиеттерін қалыптастыру - бұл олардың кәсіби істеріне шеберліктерін арттыру, жауынгерлік дәстүрлердің ерекшеліктерін түсіне отырып Отан корғау ісіндегі жастардың міндеттерін дұрыс түсінегілікке жеткізу тәрбие.

Қорыта айтканда, қай халық болса да, ғасырлар бойы ел қорғаны болған батырларын жыр дастанға қосып, ерліктің үлгісін алға тартқан. Халқымыздың мақтан етіп, анызға, ертегіге айналдырып, асыра дәріптеген батырлары желдін еті, жаудын бетінде жүріп, жері мен елін сыртқы жаудан қорғаған. Олардың жауынгерлік дәстүрлері мен ерлік істерін насиҳаттау арқылы болашақ бастапқы әскери дайындық мұғалімдерінің бойында Отансұйгіштік және елжандылық қасиеттерін қалыптастырамыз.

### Әдебиеттер:

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 29 қаңтар 2010 ж.
2. Жаппасұлы Е. Еліне қорған болған ер Қарасай.//Қазақ әдебиеті. 29 қазан. 1993.
3. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы: Жазушы, 1975. - 363 б.